


Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Одақта атой салған



Октябрь Жарылқапов небары 37 жасында жарық дүниемен қоштасты. Десек те айтулы азамат сол қысқа ғана ғұмырында талай игілікті іс тындырып, ел спорты тарихында өшпес із қалдырды. Атап айтсақ, отандық волейболшылар арасынан ол алғашқы болып КСРО спорт шебері және КСРО-ға еңбек сіңірген жаттықтырушы атанды. Жарылқапов іргетасын қалаған Алматының «Буревестник» клубы көптеген дүбірлі додада дара шығып, әлемдегі ең әйгілі командалар қатарынан көрінді. Ақиық Октябрьдің тұсында ел волейболы өркендеп, орасан зор биікке көтерілді. Жарылқапов Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі комитет төрағасының орынбасары қызметін атқарған жылдары осы сала қарыштап дамып, жаңа көкжиектерге бет алды.

Болашақ спорт жұлдызы 1931 жылдың 25 қазанында Ташкент облысының Янгиюль ауданында дүниеге келген. Шақалақтың шыр еткен даусы естілген күні күллі Кеңес Одағы аумағында Ұлы Қазан революциясының 14 жылдығы дүркіреп тұрып тойланып жатқан. Барлық жерде – салтанатты шеру, барлық жерде – салтанатты марш. Дастарқан басына жайғасқан Жарылқаповтардың отбасы мүшелері өзара ақылдаса отырып, сәбидің есімін Октябрь деп қоюды құп көрген екен.

Октябрь жастайынан жетімдіктің, жоқшылық пен таршылықтың тауқыметін молынан татты. Асқар таудай әкесі Қыдырбайдан 6 жасында айырылды. Кезінде Созақ ауданында ішкі істер қызметінің басшысы және Бостандық аудандық ауыл кеңесінің төрағасы қызметін атқарған абзал азамат 1937 жылы «халық жауы» деген желеумен, қамауға алынды. Итжеккенге айдалып кеткен отағасынан одан кейін еш хабар-ошар болмады. Не өлі, не тірі екені белгісіз. Ал Ұлы Отан соғысының оты өршіген тұста 16 жастан енді ғана асқан Октябрьдің туған ағасы – Палмахан әскери комиссариаттың табалдырығын тоздырып жүріп, өз еркімен майданға аттанады. Ондағы мақсаты – майдан даласында асқан ерлік көрсетіп, жазықсыз сотталған әкесін ақтап алу еді. Бірақ Палмахан қан майданнан оралмады.

Соғыс аяқталғаннан соң Айнагүл апа алты баласын ертіп, Қазақстанды бетке алады. Олар қасиетті Түркістанға келіп қоныстанады. Көне шаһарда орта мектепті ойдағыдай аяқтаған Октябрь 1949 жылы Алматыға келіп, АЗВИ-ге оқуға түсті. Алатау бөктерінде білім ала жүріп, спортты да өмірлік серігіне айналдырады. Әсіресе, ол волейболдың құдіретіне арбалды. Жалындап тұрған шағында бұл өнерді жетік меңгеріп, бірден білікті мамандардың назарын өзіне аударды. Жарылқапов елуінші жылдардың бел ортасында іргетасы қаланған Алматының «Буревестник» клубының сапына қабылданды. Қысқа ғана мерзім аралығында аталмыш клуб пен Қазақстан құрамасының ең белді ойыншысына айналды. 1961 жылы КСРО-ның ең үздік 24 волейболшысының қатарына қосылып, спорт шеберінің күміс белгісін кеудесіне тақты. Оған дейін мұндай мәртебелі атақ Қазақстанның бірде-бір ойыншысына бұйырмаған еді. Сол көшті қазақтың серке ұлы бастады.

Бапкерлік кәсіпте де Октябрьдің бағы жанды. Ол табанын тоздырып жүріп, түрлі зауыт пен кәсіпорындар, мекемелер мен жоғары оқу орындарын аралады. Спортқа, оның ішінде волейболға қабілеті және ынта-ниеті бар жастарды Алатау бөктерінің әр бұрышынан шарқ ұрып іздеді. Оларды баптап, бағыт сілтеді. Дарынды жігіттерді өзі жетекшілік ететін «Буревестниктің» қатарына қабылдады. Қазіргі тілмен айтқанда, селекциялық жұмысты аса ұқыпты әрі сауатты жүргізуінің арқасында Октябрь Жарылқапов бәсекеге қабілетті жақсы команда жасақтай білді. Нәтижесінде, бұған дейін қалың топтың арасында әупірімдеп жүрген алматылық ұжым 1965 жылы өз тарихында тұңғыш рет КСРО чемпионатының «А» тобында күш сынасу құрметіне ие болды.

Шеберлер тобындағы алғашқы маусымда «Буревестник» 8-орынға табан тіреді. Сол кезде Октябрь Жарылқапов қазақ бапкерлері арасынан алғашқы болып, КСРО-ға еңбек сіңірген жаттықтырушы атағын алды. Келесі жылы жерлестеріміз 4-сатыға жайғасты. 1967 жылы жүлдегерлер санатына қосылып, қола медальді иеленді. 1968 жылы

біздің волейболшылар тағы бір саты жоғарылап, күміс жүлдеге қол созды.

1

1969 жылы Қазақстанның волейболшылары өздерінің тарихи жеңісіне қол жеткізді. Сол маусымда кіл мықтылардың барлығын қапы қалдырған «Буревестник» айды аспанға бір-ақ шығарып, КСРО чемпионы атанды. Бірақ ең өкініштісі, осы бір қуанышты сәтті көру бақыты біздің кейіпкерімізге бұйырмады. 1969 жылдың 11 мамырында ақиық Октябрьдің демі үзілді. Бір емес, бірнеше аса жауапты қызметті қатар атқарып жүрген атақты ойыншы, ғұлама бапкер, білікті басшы небәрі 37 жыл ғұмыр кешті...

Октябрь Жарылқаповтың төл шәкірті, КСРО мен Қазақстан волейболшының шок жұлдызы Жанбек Сауранбаев ұстазын жер қойнауына тапсырған кезді былай деп еске алған еді:

– 1969 жылғы маусымның аяқталуына бір айдан аса уақыт қалғанда Октябрь Қыдырбайұлы өмірден озды. Ұстазымыздың мезгілсіз қазасы бәріміздің қабырғамызды қайыстырып кетті. Ол чемпиондық тәж үшін таластың белең алып тұрған кезі. Кемінде үш-төрт команданың жеңіс тұғырына көтерілуге әлі де мүмкіндігі бар. Білікті бапкерді ақтық сапарға шығарып салу рәсімінде шәкірттерінің атынан сөз сөйлеу менің үлесіме тиді. Дүйім жұрттың алдында мен: «Биыл «Буревестник» чемпион атанады! Барлық ойыншылардың атынан мен серт беремін. Және де сол жеңісімізді ұстазымыздың рухына арнаймыз!», деп тебірене сөйледім. Қысылтаянда басты қарсыластарын басып озатынымызға күмәнданған әріптестерім: «Жанбек, бұның не? Чемпиондық атақты олжалай алмасақ, ертең ел-жұрттың бетіне қалай қараймыз?», деп сөккендей болды. Бірақ мен алған райымнан қайтпадым. Онымен қоймай: «Егер осы команда құрамы сақталса, біз әлі бұдан да биік белеске иек артамыз. Оған күш-қуатымыз бен қарым-қабілетіміз толықтай жетеді», деп одан әрмен батыл сөйледім.

Серке ойыншы сертінде тұрды. Сол маусымда «Буревестник» КСРО біріншілігінде алтын тұғырға көтерілумен шектеліп қалған жоқ. 1970-1971 жылдары қатарынан екі мәрте Еуропа чемпиондары кубогын олжалап, әлемдегі ең үздік командалар санатына қосылды. Екі ретінде де жерлестеріміз ақтық айқаста Чехословакияның атағы алысқа жайылған «Зетор Збройовка» клубына сан соқтырды.

Октябрь Жарылқаповтың шекпенінен шыққан шәкірттерінің біразы төрткүл дүниеге танымал волейболшылардың қатарына еркін қосылды. Олимпиада чемпиондары – Вадим Кравченко мен Олег Антроповтың томағасын сыпырып, үлкен бәйгеге қосқан да сол азамат еді. Сондай-ақ Жанбек Сауранбаев, Заңғар Жәркешев, Александр Портной, Геннадий Гончаров, Леонид Щербаков, Виталий мен Вячеслав Шапран, Евгений Пресников, Алексей Кармановский, Николай Рагозин және тағы басқа сайыпқырандар өз дәуірінен озып туған қазақ бапкерінен көп нәрсе үйренді. Тағы бір ерекше атап өтерлік жайт, Жарылқаповтың тұсында қандастарымыздың қалың шоғыры волейболды серік етіп, КСРО мен қарт құрлыққа танылды. Олардың қатарында Жанбек Сауранбаев пен Заңғар Жәркешевтен бөлек, Еңсебек Иманғалиев, Марат Мәденов, Жұмаш Махмұтов, Төленді Ахметжанов сынды сайыпқырандар болды.

Даңқты волейболшының жұбайы Диляра Юсупқызы және отбасының өзге де мүшелерімен мен талай рет дастарқандас болдым. Үйлерінде қонақта болдым, түрлі жиындарда ара-тұра кездесіп тұрдық. Осыдан біраз жыл бұрын сондай бір отырыс барысында Диляра апайымыздың мынадай қызықты әрі әсерлі әңгіменің тиегін ағытқаны әлі есімде:

– Мен Октябрьмен институт қабырғасында таныстым. Ол менен екі курс жоғары оқыды. Екеуіміз тез-ақ тіл табысып кеттік. Уақыт оза көңіліміз жарасып, бір-бірімізге әбден бауыр басып қалдық. Содан үйленетін болып уағдаластық. Неке қию үшін келесі күні ЗАГС-тің алдында кездесетін болдық. Белгіленген уақытта келсем, Октябрь әлі жоқ. Тыпыршып біраз тұрдым. Арада екі сағатқа жуық уақыттан кейін барып, ол да жетті. Үстібасы су, шашы ұйпа-тұйпа. Сөйтсем, жаттығудан келген беті екен. Шіркін-ай, волейбол

десе, Октябрь бар нәрсені ұмытатын. Бұл өнерге ол шексіз ғашық еді. Ең болмағанда, сол күні волейбол ойнамаса болар еді ғой...

Содан ЗАГС-ке кіріп, тиісті құжаттарды рәсімдей бастадық. Менің ұлтым – тәжік, ол – қазақ. Ол орысшаға шорқақ, мен қазақ тілін мүлде білмеймін. Осы жайттан құлағдар болған неке қызметкері: «Сонда сендер қай тілде сөйлесесіңдер?», деп аң-таң болғаны бар. Міне, біздің өмірімізде осындай да қызықты жағдайлар болған...

Расында да, қазақ волейболының «атасы» осындай бітімі мен болмысы бөлек ерек тұлға еді. Өттеген-ай, нағыз жалындап тұрған шағында Октябрь Қыдырбайұлын сұм ажал арамыздан жұлып әкетті. Ол кезде балалары да тым жас еді. Атап айтсақ, Нұржамал – 13. Бауыржан – 11, Гүлсара 10 және Венера 8 жаста болатын. Бірақ Дильяра Юсупқызы әкелерінің орнын жоқтатпау үшін қажыр-қайратын еш аямады. Бар күшін салып, саналы ғұмырын арнады. Асыл ана ұл-қыздарын өсіріп-жетілдірді, оқытып-шоқытты, ешкімнен кем қылмай тәрбиеледі.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН